



Сонымен қатар университеттің 1941-1945 соғыс жылдарындағы кезеңдегі қызметі туралы деректер, тарихи фотосуреттер, заттай экспонаттар, құжаттар сақталуда. Соғыс жылдары Қызылорда қаласында Киев және Харьков университеттерінің филиалы ашылуына байланысты Біріккен Украина мемлекеттік университетінің ғимаратына орнатылған ескерткіш тақтаның фотосуреті, 1948 жылы педагогикалық институттың жанынан бастауыш және орталау мектептер үшін кадрлар даярлайтын екіжылдық мұғалімдер мектебінің ашылуы көрсетілген.

Мұражайда 1952 жылы наурыз айында институтқа Н.В.Гоголь, 1992 жылы Қорқыт Ата есімінің берілуі және 1996 жылы институттың университет дәрежесіне көтерілуі мен 1998 жылы университеттің мемлекеттік мәртебе алуын дәлелдейтін құжаттар бар.

Университет факультеттерінің тарихи құрылымы, даму кезеңдері, ғылыми жетістік көрсеткіштері, университет жанынан ашылған колледж, Казак-түрік лицейі, «Қабілет» бейінді білім беру гимназиясы, кітапхана қоры, республикаға танымал «Сыр сұлуы» халық ән-би, «Дидар» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерінің тарихы түгел қамтылып, жыл сайын толықтырылуда. Сол сияқты әр жылдарда қызмет еткен ғалымдардың, оқытушылардың ғылыми еңбектері, фотосуреттері сақталуда.

Университетімізді бітірген түлектердің көпшілігі республикаға, шетелге танымал ғалым, қоғам қайраткерлері. Олар - философия ғылымдарының докторы, Ұлттық Ғылым Академиясының академиктері Д.Кішібеков, Ә.Нысанбаев, филология ғылымдарының докторы Р.Бердібаев, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.Түрлығұл, биология ғылымдарының докторы, академик А.Саданов, университет ректоры, техника ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, профессор К.А.Бисенов. Осы аталған ғалымдардың фотосуреттері мен ғылыми жинақтары мұражай қорында сақталған.

Университет түлектері, қазақтың жезтандай әншісі, Сыр өңірінің тумасы Р.Бағанова, айтыс ақыны Л.Әбдіқалықова, ауыр атлетикадан олимпиада чемпионы, әлемнің 3 дүркін чемпионы Илья Ильин, тағы басқа көптеген тұлғаларды мақтанышпен айтуға болады. Осы мәліметтерді тарихи мұражайдан көре аласыздар.

**Мекенжайымыз: тарихи мұражай - Ы.Жакаев көшесі, 75 вй,□
Коркыт Ата атындагы КМУ Студенттер сарайында 1 кабатта орналаскан.**